

КӘСІПКЕРЛЕР ҚАТАРЫ ҚАЛЫҢДАП КЕЛЕДІ

ҚОСШЫДА БІР ЖЫЛ ІШІНДЕ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС НЫСАНДАРЫНЫҢ САНЫ 21 ПАЙЫЗҒА ӨСКЕН

СӘРСЕНБІНІҢ СӘТІНДЕ



Сәрсенбі күні қалыптасқан дәстүр бойынша Қосшы қаласының әкімі Азамат Қапышев тұрғындарды жеке мәселері бойынша қабылдап, оларды толғанып жүрген арыз-шағымдары мен ұсыныс-тілектерін тыңдады.

Әкімнің қабылдауына келген азаматтар тарапынан кәсіпкерлікті дамытуға қолдау білдіру, жер, тұрғын үй кезегі, электр жарығы мен жылу тарифы, жалақы дауы және қала ішін қардан тазарту сынды мәселелер қамтылды.

«Қосшы қаласында көшелер мен аулаларды қардан тазалау жұмыстары үздіксіз жүргізіліп жатыр. Қыс басталғалы полигонға 104 170 мың текше метр қар тасылды. Күнделікті та-

залау жұмыстарына коммуналдық қызметтің 40 арнайы техникасы және 30 адам жұмылдырылған», деді әкім қар тазалау жұмыстары бойынша сұраққа жауап беріп.

Сондай-ақ кәсіпкерлікті дамытуға қатысты сауал бойынша да нақты деректерді алға тарта отырып жауап берді. Мәселен, 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қосшы қаласында 3 857 шағын және орта бизнес субъектісі тіркелген, бұл өткен жылмен салыс-

тырғанда 21% артық. Осы көрсеткіштен-ақ қалада шағын кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы жағдай жасалып отырғанын көруге болады.

Кездесу соңында шешімін күткен әр түйткіл бойынша арызданушыларға тыңғылықты жауап беріліп, оларды оңтайлы шешу үшін тиісінше бөлім басшыларына нақты тапсырмалар жүктелді.

Өз тілшімізден

ДЕПУТАТ МІНБЕРІ

БАСТАУЫШ ҰЙЫМ – ПАРТИЯНЫҢ ТІРЕГІ

Тайтөбе ауылында «Сенім» бастауыш партия ұйымының есепті жиналысы өтті. Оған Ақмола облыстық мәслихатының төрағасы Б.Жүсіпов, облыстық мәслихат депутаты А.Төребаев, Қосшы қалалық мәслихатының депутаттары Б.Абдрахманов пен А.Данабекұлы және ауыл тұрғындары мен партия мүшелері қатысты.

Жиынның басты мақсаты – өткен жылы атқарылған жұмыстарды қорытындылап, алдағы жоспарлармен таныстыру. «АМАНАТ» партиясы Қосшы қалалық филиалының атқарушы хатшысы Р. Сейдахметов, депутат А.Төребаев және «Сенім» бастауыш партия ұйымының төрайымы Г.Алиева ағымдағы жылдың мақсаттарын, қоғамдық пайдалы істерді жүзеге асыру бағытында жоспарланған шараларды баяндап берді.

Кездесу барысында партия мүшелері маңызды мәселелерді талқылады. Өсіресе Тайтөбе ауылында су тасқыны кезінде қолданылатын көлік мәселесі, мәдениет үйінің құрылысы мен қалалық емханаға қажетті заманауи құрал-жабдықтар сияқты сауалдар көтерілді. Бұл мәселелердің оң шешілуі үшін тиісті шаралар қабылданатыны айтылды.



Жиналыс соңында облыстық мәслихат төрағасы Бейбіт Айтымұлы Тайтөбе ауылының жалпы білім беретін мектебінде болып, робототехника, домбыра, дебат, шахмат сияқты үйірмелердің жұмысымен танысты. Бұл үйірмелер жастардың шығармашылық және интеллектуалдық дамуына ықпал етіп, жаңа буынның білімі мен қабілетін арттыруға септігін тигізетіні сөзсіз.

Өз тілшімізден

Jańa
Bastau

ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫП
IPHONE 16 PRO MAX
ҰТЫП АЛЫҢЫЗ!



Қалай жазылуға болады?
1.Kaspi.kz → Төлемдер → Баспасөзге жазылу → Jańa Bastau (Kaspi.kz → Платежи → Подписка на СМИ → Jańa Bastau) немесе QR-кодты сканерлеп, бірден жазылыңыз!
2.Жазылым туралы чекті WhatsApp +7 707 480 1149 нөміріне жолдаңыз!
Жеңімпаз 8 НАУРЫЗ қарсаңында тікелей эфирде, РАНДОМУС әдісі арқылы анықталады!
= 28 сәуірге 7000 тг / 12 ай
= Науқан 7 наурызға дейін!
Сіз ұтылмайсыз – ең бастысы, газетке жазылып, маңызды ақпаратқа қол жеткізесіз!
Толық ақпарат: @janabastau.kz (Instagram) | Қоспаға WhatsApp +7 707 480 1149

БАСПАСӨЗ – 2025

«JAŃA BASTAU» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫП,
IPHONE 16 PRO MAX ҰТЫП АЛЫҢЫЗ!

8 НАУРЫЗҒА АРНАЛҒАН ЕРЕКШЕ
СЫЙЛЫҚ!

Қосшы қаласының басты жаңалықтары
Өзекті тақырыптар мен сарапта-
малар

Жазылым: 7000 тг / 12 ай
Науқан 7 наурызға дейін!

Қалай жазылуға болады?
Kaspi.kz → Төлемдер → Баспасөз-
ге жазылу → Jańa Bastau (Kaspi.kz
→ Платежи → Подписка на СМИ
→ Jańa Bastau) немесе QR-кодты
сканерлеп, бірден жазылыңыз!

Жазылым туралы чекті WhatsApp
+7 707 480 1149 нөміріне жол-
даңыз!

Жеңімпаз 8 НАУРЫЗ қарсаңында
ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ РАНДОМУС әдісі
арқылы анықталады!

Толық ақпарат: @janabastau.kz
(Instagram)

Сұрақтар: WhatsApp нөмір
+7 707 480 1149

Сіз ұтылмайсыз – ең бастысы, га-
зетке жазылып, маңызды ақпаратқа
қол жеткізесіз!

«Jana bastau» әлеуметтік-экономикалық
және қоғамдық-саяси газеті

 **Kaspi QR**

Жазылым үшін ақысын төлеу
Оплата за подписку



«Jana bastau» социально-
экономическая и общественно-
политическая газета

САЙЛАУ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАНДЫРУ

№3 бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша Қосшы қалалық мәслихатының шығып қалған депутатының орнына кандидаттар үшін баспа алаңы мен эфир уақытын беру бойынша бұқаралық ақпарат құралдары мен онлайн-платформалар қолданушыларына (2025 жылғы 30 наурыздағы сайлау).

Бұқаралық ақпарат құралдары мен онлайн-платформаларын қолданушылар 2024 жылғы 28 ақпаннан кешіктірмей («Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 28-бабының 3-тармағы), шығып қалған мәслихат депутаттарының орнына кандидаттардың үгіт материалдарын жариялау үшін №3 бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша Қосшы қалалық аумақтық сайлау комиссиясына (эл.пошта: kosshy_gtik@aqmola.gov.kz, мекенжайы: Қосшы қаласы, Республика көш., 46, 2 қабат) төлем мөлшері мен эфир уақыты және баспа алаңын берудің шарттары мен тәртібі туралы ақпаратты жариялауға және ұсынуға міндетті.

Бұл ретте, ӘҚБтК-нің 112-бабының 5-бөлігінің талабы бойынша, эфирден және баспасөз бетінен орын бергені үшін төлемнің мөлшері, шарттары және тәртібі туралы мәліметті сайлау алдындағы үгіт жүргізу басталардан бес күн бұрын хабарламаған және жарияламаған, сондай-ақ Қосшы қалалық аумақтық сайлау комиссиясына ұсынбаған бұқаралық ақпарат құралдарының сайлауға қатысатын кандидаттардың, саяси партиялардың үгіт материалдарын жариялауы немесе эфирге шығаруы – лауазымды адамдарға – отыз, заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Қосшы қалалық сайлау комиссиясы

Средствам массовой информации, пользователям онлайн-платформ о предоставлении эфирного времени и печатной площади кандидатам в депутаты Косшынского городского маслихата по одномандатному территориальному избирательному округу №3 вместо выбывшего (выборы 30 марта 2025 года).

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

Средства массовой информации, пользователи онлайн-платформ не позднее 28 февраля 2025 года должны опубликовать, а также представить сведения о размере оплаты, условиях и порядке предоставления эфира и печатной площади (п. 3 ст. 28 Конституционного закона РК «О выборах в РК») для публикации агитационных материалов кандидатов в депутаты по одномандатному территориальному избирательному округу №3 Косшынского городского маслихата в Косшынскую городскую избирательную комиссию (эл.почта: kosshy_gtik@aqmola.gov.kz, адрес: город Косшы, ул. Республи-ки, 46, 2 этаж.).

Вместе с тем, в соответствии с частью 5 статьи 112 КоАП опубликование или

выпуск в эфир агитационных материалов кандидатов, участвующих в выборах, средствами массовой информации, которые не позднее пяти дней до начала проведения предвыборной агитации не объявили и не опубликовали, а также не представили в Косшынскую городскую территориальную избирательную комиссию сведения о размере оплаты, условиях и порядке предоставления эфира и печатной площади, – влечет штраф на должностных лиц в размере тридцати, на юридических лиц – в размере пятидесяти месячных расчетных показателей.

Косшынская городская
избирательная комиссия

ДЕПУТАТТЫҚКА КАНДИДАТТАРҒА
АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

Қосшы қаласы мәслихатының депутатын №3 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша шығып қалған кандидаттың орнына сайлау белгіленуіне байланысты, Қосшы қаласының әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси «Jana Bastau» газеті кандидаттарға сайлауалды үгіт-насихат материалдарын жариялау үшін баспа алаңын ұсынады.

Қазақстан Республикасының

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 28-бабы 3-тармағына сәйкес, «Jana Bastau» газетінде мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланатын материалдардың 1 шаршы сантиметрінің бағасы:

газеттің бірінші түрлі-түсті жолағы – 800 (сегіз жүз) теңге, газеттің ішкі беттері – 700 (жеті жүз) теңге.

Аталған Заңның 28-бабы 3-тармағына сәйкес: «Мемлекет кандидаттарға өз бағдарламаларымен шығу үшін қаражаттың тең бөлінуіне кепілдік береді. Кандидаттарға қаражат бөлу тәртібі мен көлемін Орталық сайлау комиссиясы айқындайды».

Заң талаптарына сәйкес келмейтін материалдар жарияланбайды.

Редакциядан



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

КЕНТ, АУЫЛ ЖЕРЛЕРІНЕН ЖЕР УЧАСКЕСІН БЕРУ

Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері порталы:

«Электрондық үкіметтің» веб-порталы (бұдан әрі – портал) және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы

1 КЕЗЕҢ

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

- Жеке тұрғын үй құрылысы үшін:
 - «Елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беруге өтініш;
 - жер учаскесінің орналасу схемасы.
- Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 284-бабына сәйкес инвестициялық жобаларды іске асыру үшін:
 - Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беруге өтініш;
 - сұралып отырған жер учаскесінің схемасы (жоспары);
 - мемлекеттік меншіктен жер учаскелерін беру үшін өңірлік үйлестіру кеңесінің инвестициялық жобаны айқындау туралы шешімі.
- Қазақстан Республикасы Жер кодексінің (бұдан әрі – Жер кодексі) 71-бабына сәйкес бұрын құрылыс мақсаттары үшін іздестіру жұмыстарын жүргізген аумақта ғимараттар (құрылыстар, құрылысжайлар) және олардың инженерлік-коммуникациялық желілерін салу үшін, егер олар бұрын үшінші тұлғаларға тиесілі жер учаскелеріне құқықтарды сатып алған жағдайда, егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына сәйкес жоспарланған құрылыс шегінде:
 - Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беруге өтініш;
 - сұралып отырған жер учаскесінің схемасы (жоспары);
 - іздестіру жұмыстарын жүргізуге рұқсат.
- Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар

туралы заңнамасына сәйкес арнайы экономикалық аймақтың немесе республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтың қатысушысына, арнайы экономикалық аймақтың немесе индустриялық аймақтың басқарушы компаниясына:



- Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беруге өтініш;
 - сұралып отырған жер учаскесінің схемасы (жоспары);
 - арнайы экономикалық аймақтың немесе индустриялық аймақтың қатысуы туралы растайтын құжат.
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көзделген объектілерді, мемлекеттік мүдделерді және қоғамдық маңызы бар мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін инвестициялық жобаларды салу үшін:
 - Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беруге өтініш;
 - сұралып отырған жер учаскесінің схемасы (жоспары);
 - жергілікті атқарушы органның шешімі және жобаны инвестициялық деп тану.

- Жер кодексінің 9-бабының 3-тармағына сәйкес отандық өнеркәсіп кәсіпорындарына:
 - Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беруге өтініш;
 - сұралып отырған жер учаскесінің сызбасы

- Жер кодексінің 9-бабының 3-тармағына сәйкес отандық өнеркәсіп кәсіпорындарына:
 - Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беруге өтініш;
 - сұралып отырған жер учаскесінің схемасы (жоспары);
 - мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы шарт немесе концессия шарты.
- Инвестициялық және инновациялық жобаларды іске асыру үшін әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларға:
 - Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беруге өтініш;
 - сұралып отырған жер учаскесінің схемасы (жоспары);
 - мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы шарт немесе концессия шарты.

шарт немесе концессия шарты.

9. Өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды іске асыру үшін өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілеріне:

- Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беруге өтініш;
- сұралып отырған жер учаскесінің схемасы (жоспары);
- жергілікті атқарушы органның шешімі және жобаны инвестициялық деп тану.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

Сұралып отырған жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін айқындау, жер учаскесін таңдау актісін дайындау, сәулет-жоспарлау тапсырмасын, инженерлік желілерге қосылуға техникалық шарттарды және топографияны жасау – 28 (жиырма сегіз) жұмыс күні ішінде.

2 КЕЗЕҢ

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

- Келісілген жер учаскесін таңдау актісі, жер-кадастрлық жұмыстар қызметтері үшін ақы төленгенін растайтын төлем құжатының көшірмесі/электронды көшірмесі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

жер учаскесін таңдау актісін келісу және көрсетілетін қызметті алушы жер-кадастрлық жұмыстардың қызметтері үшін ақы төлеу кезінде жер-кадастрлық жоспарды қоса бере отырып, жер учаскесіне жер пайдалану құқығын беру туралы шешім шығару, уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартын жасасу – 18 (он сегіз) жұмыс күні ішінде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: Электронды (ішінара автоматтандырылған) /қағаз түрінде.

«Қосшы қаласы Тайтөбе ауылы әкімінің аппараты» ММ

Өңір дамуы



ҚОСШЫ ҚАЛАСЫ: ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨРЛЕУ ЖӘНЕ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

18 ақпан күні Ақмола облысының өңірлік коммуникациялар қызметінде Қосшы қаласы әкімінің орынбасары Берген Жұмкейұлы қаланың 2024 жылғы әлеуметтік даму қорытын-дылары мен 2025 жылға арналған жоспарлары туралы есеп берді.

Елімізде әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қарқынды дамып келе жатқан аймақтардың бірі – Қосшы қаласының тыныс-тіршілігі жыл өткен сайын жаңарып, жақсарып келеді. Тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру бағытында түрлі салаларда ауқымды жұмыстар қолға алынып, маңызды жобалар жүзеге асырылуда.

Статистикалық деректер бойынша қала тұрғындарының саны 60 000 адам, алайда нақты көрсеткіш одан еке есе көп – 120 000 адам. Бұл жайт Қосшының болашақта да қарқынды өсу әлеуеті зор екенін айқындап тұр. Қала инфрақұрылымы, тұрғын үй құрылысы және әлеуметтік-экономикалық жобалардың даму үрдісі дәл осы өсімге бағытталған.

Берген Жұмкейұлының айтуынша, Қосшы қаласында жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру үшін ауқымды жобалар қолға алынып жатыр. Әрбір жоба қаланың келешегіне әсер етіп, әрбір азаматтың өмір сапасын арттыруға септігін тигізбекші. Инфрақұрылым мен әлеуметтік қызметтердің барлық саласында дер кезінде жаңашылдық енгізіліп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашылады.

«Қосшы қаласы – бұл тек сандық көрсеткіштер ғана емес, халықтың сенімді әрі болашаққа бағытталған тіршілігін қалыптастыруға бағытталған нақты қадамдар мен жобалардың ордасы. Әрбір тұрғынның өміріне әсер ететін жаңалықтар мен өзгерістер алдағы уақыт ішінде қала өмірінің сапасын арттырып, оны әрі қарай дамытудың негізі болары сөзсіз», деді әкімнің орынбасары.

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қосшы қаласында 3 857 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі бар, бұл өткен жылмен салыстырғанда 21% артық. Одан бөлек, өнеркәсіп саласында бірнеше ірі кәсіпорын жұмыс істеп тұр: «Сапа Су» темірбетон өндіретін зауыт, «Алтын Қазық» ет өңдеу цехі, «Kazyna SR» жиһаз фабрикасы және «Sky Express Elevator» лифт жабдықтарын өндіретін зауыт. Сонымен қатар, құс етін терең өңдейтін «IL Tov» ЖШС, асфальтбетон өндіретін «ЭлитСтройКомплект» ЖШС да қала экономикасының берік іргетасын қалап отыр. «Kaiser Engineering» ЖШС пластикалық құбырлар мен резеңке бұйымдар шығару арқылы өндіріс саласының әртүрлі бағыттарында сапалы өнімдер ұсынуда.

Қалада ет кластерін дамыту мәселесі де қолға алынған. «Алтын таға» және «IL-TOV» компанияларының базасында мал сою және ет өңдеу салаларын біріктіре отырып, қуатты өндіріс орнын құру мәселесі пысықталуда. Бұл өз кезегінде жергілікті өнімдердің сапасын арттырып, жұмыс орындарының көбейуіне және экономиканың тұрақты дамуына ықпал етері сөзсіз.

2024 жылы бөлшек сауда көлемі 6,8 миллиард теңгені құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 27,2%-ға өскенін көрсетеді. Өткен жылы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 45,2 миллиард теңгені құрады, бұл көрсеткіш бойынша облыста 3-орынды иеленді. Бюджеттік инвестициялар көлемі 23,6 миллиард теңгені, ал жекеменшік инвестициялар 21,6 миллиард теңгені құрады. Қалаға тартылған инвестициялардың 90%-дан астамы тұрғын үй құрылысына бағытталған.

Ауыл шаруашылығы саласында да маңызды көрсеткіштер байқалады. 2024 жылы ауыл, орман және балық шаруашылығының жалпы өнім көлемі 338,5 миллион теңге болды. Бірақ өсімдік шаруашылығы өнімінің төмендеуі мен егіс алқаптарының су басуы бұл көрсеткіштерді төмендетті. Өңірде ірі қара мал саны 323 бас, ұсақ мал 917 бас, жылқы 1 012 бас, түйе 75 бас, құс 481 бас болып тіркелді.

Қосшы қаласының экономикасы жан-

жақты дамып келеді, әрі әр саланың өзара ықпалдастығы мен бірлігі арқылы өсуі мүмкін. Жаңа жобалар мен кәсіпорындар шағын және орта бизнес үшін мүмкіндіктер туғыза отырып, қала тұрғындарының өмір сапасын арттыруға және экономикаға оң әсер етуге бағытталған.

2024 жылы Қосшы қаласында 1 159 адамға жалпы сомасы 36 340 269 теңгенің әлеуметтік көмегі тағайындалды. Оның ішінде облыстық бюджеттен 22 адамға 5 307 500 теңге қолдау көрсетілді. Қалада 100 жасқа толған Екінші дүниежүзілік соғыс ардагеріне былтыр 3 млн теңге көмек берілсе, биыл 5 млн теңге жоспарланған. Сонымен қатар жаңа тұрғын үй кешенінен ардагерге 3 бөлмелі пәтер берілді.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке 85 800 100 теңге бөлініп, 1 097 отбасына 85 784 648 теңгенің жәрдемі тағайындалды. Қалада 390 мүгедектігі бар адам тіркелген, олардың 18-іне «Инватакси» қызметі көрсетіледі.

2024 жылы «Мансап» орталығына 2 245 адам жұмыс іздеп келіп, оның 907-сі еңбекпен қамтылды. Қалада 256 адам жұмыссыз ретінде тіркелген, 31 кәсіпорында 86 бос жұмыс орны бар. Мемлекеттік грант бойынша 10 адамға 1 486 000 теңге берілді, кәсіби қайта оқытуға 15 адам, әлеуметтік жұмыс орнына 21 адам, жастар практикасына 30 адам қатысып, түрлі әлеуметтік жобалар жүзеге асырылды. 2025 жылы 12 адамға мемлекеттік грант беру жоспарланды.

Қосшы қаласында екі емхана жұмыс істейді: - №1 қалалық емхана – 110 қызметкер, - «Жанұя» отбасылық денсаулық орталығы – 133 қызметкер.

Екі емханада 103 жоғары білімді дәрігер бар, тіркелген тұрғын саны – 42 884 адам. Олардың ішінде 18 174 бала, 1 802 жасөспірім, 10 700 әйел және 12 208 ересек адам бар. Профилактикалық егулермен қамту 60,5% - дан 95% - ға дейін жетті. 2024 жылы 1 173 бала дүниеге келді, ана өлімі мен туберкулезден қайтыс болғандар тіркелген жоқ.

2024 жылы 10 988 адам флюоротексерудан өтіп, 94,3% қамтылды. Балалар сауықтыру үшін бірнеше санаторийге жіберілді. Екі емханада онкологиялық кабинеттер мен маман дәрігерлер жұмыс істейді. Қатерлі ісік 36 жағдайда анықталып, 7 өлім тіркелді.

«Viamedis» компаниясы жеке инвестиция есебінен 28 млрд теңгеге жаңа облыстық аурухана құрылысын жүргізуде. Жаңа аурухана 1 000 адамға дейін қабылдайтын емхана, хирургия, травматология, кардиохирургия, нейрохирургия, онкология мен химиотерапия бөлімшелерін қамтиды.

Қосшы қаласында 8 орта мектеп (1 жеке меншік) және 40 мектепке дейінгі білім беру ұйымы (2 мемлекеттік, 38 жекеменшік) жұмыс істейді. Мектептерде 12 012 оқушы оқиды, ал мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылған балалар 2-6 жас аралығында 90,5%, 3-6 жас аралығында 100% құрайды. Қосымша біліммен барлық оқушылардың 88%-ы қамтылған. 947 педагог жұмыс істейді, педагог тапшылығы жоқ.

2024 жылы 1 500 орындық мектеп пайдалануға берілді, 1-4 сынып оқушыларының 5 530-ы тегін тамақпен қамтамасыз етілген. Мектептердің материалдық-техникалық базасы жаңартылған, оқулықпен қамту 100% болып отыр. 2024 жылы 12 оқушы «Алтын белгі», 15 оқушы «Үздік аттестатпен» мектепті аяқтады. Ең жоғары ҰБТ балын жинаған

қосшылық оқушылар Айым Ержанова (140 балл) және Мардан Ғабитұлы (139 балл). 2025 жылы 280 орындық мемлекеттік балабақша құрылысын аяқтау жоспарлануда.

Еңбек жанжалдары, наразылық акциялары тіркелмеген. Қосшы қаласында қоғамдық-саяси ахуал тұрақты. Этностың көптеп шоғырланған аумағы жоқ, этникалық немесе дінаралық факторларға байланысты қақтығыстар тіркелмеген.

Қалада 3 мешіт бар: «Бөгенбай батыр» атындағы орталық мешіті-сыйымдылығы 1 500 адам; Тайтөбе ауылындағы «Үкібай Әбдірахманұлы» мешіті-сыйымдылығы 500 адам; «Ондыбай ата» мешіті - сыйымдылығы 500 адам; Мешіттерде 8 дін қызметкері жұмыс істейді.

Қосшы қаласының мәдениет саласы да қарқынды дамып келеді. Мәдениет үйі, орталықтандырылған кітапхана жүйесі, сондай-ақ Тайтөбе ауылында ауылдық клуб пен кітапхана жұмыс істейді. 2024 жылы бұл салаға жергілікті бюджеттен 136 314,2 мың теңге бөлінді, оның ішінде мәдениет үйіне – 11 4956,3 мың теңге, кітапханалар желісіне 21 357,9 мың теңге бағытталды.

Сәуір айында қалалық орталықтандырылған кітапхана сайты іске қосылып, оның штат құрамы 15 бірлікке дейін артты. Биыл кітапхана үшін 15 млн теңге бөлініп, 5700 жаңа кітап сатып алынды. Қазіргі кітап қоры 12 000 данаға жетті. 2024 жылы кітапхананың ұйымдастыруымен 346 іс-шара өткізіліп, оған 21 248 адам қатысты. Кітапханашылар кәсіби мерекесінде Ақмола облысының мемлекеттік кітапханалар жүйесінің рейтингісінде I-орын иеленіп, марапатталды.

Қалалық мәдениет үйінде 245 адамды қамтитын 11 үйірме жұмыс істейді. Былтыр «Замандас» ардагерлер хоры «Халықтық» атағына ие болды. Мәдениет үйінің өнерпаздары жыл басынан бері 5 халықаралық, 4 республикалық және 6 облыстық байқауда жүлделі орындарға ие болды. Қалада «Даму бала» мемлекеттік бағдарламасы аясында 14 мекеме 2 528 баланың шығармашылығын қолдайды.

2024 жылы мерейтойлар мен мерекелерге орай 62 500 адам қатысқан 250 іс-шара өткізілді. Сонымен қатар «Болат Өтемұратов қорының» жеке инвестициясы есебінен қоғамдық мәдени-спорт кешені салынды. 2025 жылдың ақпан айынан бастап жұмыс істеп жатқан кешенде түрлі өнер студиялары, робототехника бөлмелері, жастарға арналған коворкинг алаңы, әмбебап спорт залы, кітапхана, дәрісхана, көпфункционалды көрме алаңы мен кинозал және тағы басқа мүмкіндіктер ұсынылды.

Қала мәдениетігінің жаңа ғимараты қалалық мәдениет үйінің балансына беріліп, көшу нәтижесінде мекеменің қызметкерлері 85 адамға артты. Жергілікті қолөнер шеберлерін қолдау мақсатында жаңа орталықта құрылуда.

Қосшы қаласында көрнекі ақпарат пен сауатты жарнаманы жолға қою мақсатында «ҚР тіл туралы», «Жарнама туралы», «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңдардың талаптарын түсіндіру жұмыстары үздіксіз жүргізілуде. 2024 жылы көшедегі жарнамаларда тіл заңдылығының бұзылуы бойынша 70 өтініш түсіп, барлығы бойынша тиісті шаралар қабылданды.

Қалада 139 көше, Тайтөбе ауылында 28 көше бар. Алдағы уақытта Қосшы қаласы мен Тайтөбе ауылында 60 көшеге атау берілуі тиіс,

алайда белгіленбеген мерзімге мораторий жарияланған.

Тілдерді оқыту орталығында 5 қызметкер жұмыс істейді, олардың жалақысына жергілікті бюджеттен 30 пайыз үстемеақы қосылған. Орталықта мемлекеттік тілден 48 тыңдаушы, ағылшын тілінен 76 тыңдаушы білім алуда. Жастар ресурстық орталығы жастарды жұмысқа орналастыру, цифрлық сауаттылығын арттыру, инновациялық және кәсіпкерлік қызметті ынталандыру мақсатында түрлі жобаларды жүзеге асыруда. Орталықта 228 волонтер тіркелген, NEET санатындағы жастармен тұрақты байланыс орнатылған.

2022 жылдан бері қалада «Жасыл ел» мемлекеттік бағдарламасы тиімді жүзеге асырылуда. 200-ге жуық жас жаз айларында осы бағдарламаның пайдасын көріп, қалаға қызмет көрсетті. Биыл конкурстық рәсімдер аяқталып, 90 жас осы бағдарламамен жұмыс істейтін болады. Сондай-ақ «Таза Қазақстан» акциясы тұрақты өткізіліп, қарқынды жұмыс жасауда.

Қосшы қаласы спорттың дамуы тұрғысынан біршама қызықты динамиканы байқатады. Бұл жерде 2 негізгі спорт нысаны қызмет атқарады: Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі және жаңадан ашылған «ALAN» спорт кешені. Қаланың спорттық инфрақұрылымы әртүрлі бағыттарда дамып, қала тұрғындарының дене шынықтырумен айналысуына мүмкіндік туғызып отыр.

Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі қаладағы жас өрендердің спортқа деген қызығушылығын арттырып, 700 балаға 14 түрлі спорт түрі бойынша сабақ береді. Әрине, бұл жерде ұлттық спорт түрлері мен халықаралық аренада танымал болған бокс, дзюдо, еркін күрес, таэквондо секілді спорттардың жоғары деңгейде дамуына баса мән беріледі. Бұл мектептің басты мақсаты – жас ұрпақтың физикалық және рухани дамуына ықпал ету, сонымен бірге спорттың түрлі бағыттарына негіз қалаған таланттарды ұштау.

«ALAN» спорт кешені, өз кезегінде, қазіргі заманғы инфрақұрылым мен спорттың ең сұранысқа ие түрлеріне арналған барлық қажетті жағдайды қамтамасыз етеді. 2024 жылдың маусым айында ашылған бұл кешенде бассейн, баскетбол алаңы, футбол алаңы, еркін күрес залы мен фитнес орталығы сияқты спорттық қызметтер ұсынылуда. Кешеннің заманауи мүмкіндіктері мен ыңғайлы жағдайлары күн сайын 300 адамды тартуда. Осылайша, Қосшы қаласында спорттың қолжетімділігі мен халықтың спортпен шұғылдануға деген қызығушылығы артып келеді.

Қала тұрғындарының жалпы санының 14,7%-ы дене шынықтырумен айналысады, бұл көрсеткіш халықтың спортқа деген қызығушылығының артқанын байқатады. Бұл ретте мектептерде 8 256 оқушы спорттық секцияларға қатысып, түрлі бағытта өзінің шеберлігін шыңдауда. Сонымен қатар фитнес-клубтар мен жеке спорт залдары да қала тұрғындары арасында танымал болып келеді.

Қосшы қаласында «Даму бала» мемлекеттік бағдарламасы аясында қызмет ететін 26 жеке спорт клубы бар. Бұл клубтарда 1 978 бала ақысыз негізде спортпен айналысып, өздерін түрлі олимпиадалық және олимпиадалық емес спорт түрлерінде сынап көруде. Осылайша, қалада дене шынықтыру мен спортты дамытуға бағытталған кешенді жұмыстар жүзеге асырылуда.

Қаладағы осы деңгейде дамып жатқан спорт инфрақұрылымы мен бағдарламалар жас ұрпақтың денсаулығын нығайтып, болашақта еліміздің спорттық жетістіктеріне өз үлесін қосатын жаңа таланттар қалыптастыруға мүмкіндік береді.

КОНКУРС

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ
ТҮЛҒАЛАРЫНАН ҚАТТЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ
ЖИНАУДЫ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН
НАРЫҚҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ АНЫҚТАУ БОЙЫНША
КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ

«Қосшы қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қосшы қаласының жеке және заңды тұлғаларынан қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды және тасымалдауды жүзеге асыратын нарыққа қатысушыны айқындау бойынша конкурс жариялайды.

Ұйымдастырушы «Қосшы қаласы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі Ақмола облысы, Қосшы қ., Республика к-сі, 46

БСН 210840029664, БСК ККМФКЗ2А, ЖСК КЗ19070103КСN0327010 «ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» РММ тел.: 87172607796

Конкурстық комиссияның хатшысы Тасщанов Самат Орынбайұлы, «Қосшы қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бөлімінің бас маманы.

Өтінімдерді қабылдау мекенжайы Ақмола облысы, Қосшы қ., Республика к-сі, 46

Өтінім беру мерзімі: 2025 жылғы 24 ақпаннан бастап 09.00-ден 2025 жылғы 28 ақпанға дейін 18.00-ге дейін.

Жұмыс кестесі:

Дүйсенбі-жұма 09.00 - ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.30-ға дейін

Өтінімдерді берудің басталу күні 2025 жылғы 24 ақпан сағат 09.00-ден бастап.

Өтінімдерді берудің аяқталу күні 2025 жылғы 28 ақпан сағат 18.00-ге дейін.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін келіп түскен өтінімдер қабылданбайтынын атап өтеміз. Өтінімдер қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды және тасымалдауды жү-

зеге асыратын кәсіпкерлік субъектілерінен (дара кәсіпкерлерден немесе заңды тұлғалардан) қабылданады. Әлеуетті қатысушы конкурсқа қатысуға өтінімді конвертке жапсырады, оның бет жағында әлеуетті қатысушының толық атауы және пошталық мекенжайы (егер ол кеш деп жарияланса, конкурсқа қатысуға өтінімді ашылмаған күйінде қайтару мақсатында), конкурсты ұйымдастырушының толық атауы мен пошталық мекенжайы, конкурстың атауы, сондай-ақ мынадай мазмұндағы мәтін көрсетілуі тиіс: «Қатты тұрмыстық қалдықтар нарығына қатысушыларды анықтау бойынша Конкурс, Қосшы қаласының жеке және заңды тұлғаларынан қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды және тасымалдауды жүзеге асыратын және 2025 жылғы 28 ақпан сағат 18.00-ге дейін ашпауға тиіс.

Конкурсқа қатысуға өтінімді әлеуетті қатысушылар не олардың уәкілетті өкілдері конкурсты ұйымдастырушыға қолма - қол немесе тапсырысты пошта байланысын пайдалана отырып: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Қосшы қ., Республика к-сі, 46, конкурс комиссиясының хатшысы –Тасщанов Самат Орынбайұлы, 2025 жылғы 28 ақпанды қоса алғанда, сағат 18.00-ге дейінгі мерзімде ұсынады. Конкурстық құжаттаманы Қосшы қаласы әкімдігінің ресми сайтынан жүктеуге болады: <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-kosshy/documents/1?lang=ru> («құжаттар» бөлімі) не Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Қосшы қ., Республика к-сі, 46 мекенжайы бойынша қолма-қол (өзімен бірге флэш-жинақтаушы болуы керек).

ОБЪЯВЛЕНИЕ КОНКУРСА ПО ОПРЕДЕЛЕНИЮ
УЧАСТНИКОВ РЫНКА, ОСУЩЕСТВЛЯЮЩИХ СБОР
И ТРАНСПОРТИРОВКУ ТВЕРДЫХ БЫТОВЫХ ОТХОДОВ
ОТ ФИЗИЧЕСКИХ И ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ
ГОРОДА КОСШЫ

Государственное учреждение «Отдел жилищно-коммунального хозяйства и жилищной инспекции города Косшы» объявляет конкурс по определению участника рынка, осуществляющего сбор и транспортировку твердых бытовых отходов от физических и юридических лиц города Косшы.

Организатор Государственное учреждение «Отдел жилищно-коммунального хозяйства и жилищной инспекции города Косшы» Ақмолинская область, г.Косшы, ул Республика 46

БИН 210840029664, БИК ККМФКЗ2А, ИИК КЗ19070103КСN0327010 РГУ «КОМИТЕТ КАЗНАЧЕЙСТВА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РК» Тел.: 87172607796

Секретарь конкурсной комиссии Тасщанов Самат Орынбаевич, главный специалист отдела Государственное учреждение «Отдел жилищно-коммунального хозяйства и жилищной инспекции города Косшы».

Адрес приема заявок Ақмолинская область, г.Косшы, ул Республика 46

Сроки подачи заявок: с 24 февраля 2025 года 09.00ч. по 28 февраля 2025 года 18.00ч.

Рабочий график:

понедельник-пятница с 09.00 до 18.30, обеденный перерыв с 13.00 до 14.30

Дата начала подачи заявок с 09.00ч 24 февраля 2025 года.

Дата окончания подачи заявок до 18.00 28 февраля 2025 года

Отмечаем, что заявки, поступившие по истечении указанного срока, приему не подлежат. Заявки принимаются от субъектов предпринимательства (индивидуаль-

ных предпринимателей или юридических лиц), осуществляющих сбор и транспортировку твердых бытовых отходов. Потенциальный участник запечатывает заявку на участие в конкурсе в конверт, на лицевой стороне которого должны быть указаны полное наименование и почтовый адрес потенциального участника (с целью возврата заявки на участие в конкурсе не вскрытой, если она будет объявлена опоздавшей), полное наименование и почтовый адрес организатора конкурса, наименование конкурса, а также текст следующего содержания: «Конкурс по определению участников рынка твердых бытовых отходов, осуществляющих сбор и транспортировку твердых бытовых отходов от физических и юридических лиц города Косшы и Не вскрывать до 18.00ч. 28 февраля 2025 года.

Заявка на участие в конкурсе предоставляется потенциальными участниками либо их уполномоченными представителями организатору конкурса нарочно или с использованием заказной почтовой связи по адресу: Республика Казахстан, Ақмолинская область, г.Косшы, ул Республика 46, секретарь конкурсной комиссии – Тасщанов Самат Орынбаевич, в срок до 18.00ч. включительно 28 февраля 2025 года. Конкурсную документацию можно скачать на официальном сайте акимата города Косшы: <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-kosshy/documents/1?lang=ru> (раздел «Документы») либо получить нарочно (при себе иметь флэш-накопитель) по адресу: Республика Казахстан, Ақмолинская область, г.Косшы, ул Республика 46.

ҚОСШЫ ЖАСТАРЫ – БОЛАШАҚ ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫ ӘЛЕМІНДЕ

Жақында елордада ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ұйымдастыруымен «Жұмысшы мамандықтар қаласы» фестивалі өтті. Бұл фестиваль – болашақта өз жолын жұмысшы мамандықтарымен байланыстыруға ниет білдірген жастар үшін ерекше мүмкіндікке айналды. Аталған шараға Қосшы қаласының мектептерінен 9-11 сынып оқушылары қатысып, өз болашақ мамандықтарын таңдауда құнды ақпараттар алды.

Қосшы жастары мен елорданың мектеп оқушылары арнайы



ұйымдастырылған тау-кен, металлургия, машина жасау, көлік, ауыл және су шаруашылығы, құрылысшылар және болашақ мамандықтар көшелерімен жүріп өтіп, кәсіби әлемнің сан алуан қырларымен танысты.

Әр көшеде жасөспірімдер түрлі мамандықтарға қатысты нақты ақпарат алып, шеберлік сыныптарына қатысты. Мұнай мен энергетика салалары, құрылыс пен техника, робототехника, және тағы да басқа көптеген маңызды бағыттар бойынша хакатондар мен мастер-класстар өткізілді.

Құтқарушылар мен өрт сөндірушілер бұрышында, машина жасау және роботтың құрастырылу бойынша шеберлік сыныптарында жастар жұмыс істеу дағдыларын шыңдады.

Фестивальдің тағы бір маңызды бөлігі – мамандықтар шеруі мен стартап жобалардың таныстырылымы болды. Бұл жоба жастарды жаңа идеяларға, шығармашылыққа және инновациялық шешімдерге жетелеп, өздері үшін тың мүмкіндіктер ашты. Қазіргі заманғы еңбек нарығында сұранысқа ие болар мамандықтар мен кәсіптерді таңдау жастардың болашақта өз жолын табуына септігін тигізетіндігі сөзсіз.

Мұндай фестивальдер жастарға тек кәсіби білім ғана емес, сондай-ақ қоғамның қажеттіліктерін түсінуге, жаңашыл болуға деген қызығушылықты арттырады. Осылайша, Қосшы қаласының жас азаматтары тек өз білімдерін ғана емес, сонымен қатар еңбек нарығына бейімделу дағдыларын да жетілдіріп, болашақта еліміздің дамуына өз үлестерін қоса алатын мамандар болып қалыптасуға мүмкіндік алады.



ОБЪЯВЛЕНИЕ

У нотариуса г. Астана Нуралиной Ульяны Владимировны открыто наследственное дело после смерти гр. Айтбаевой Гульбану Аканаевны, умершей 27 декабря 2024 г. Наследникам обращаться по адресу: город Астана, ул. Байтурсынулы, дом 51, НП 213. Т. 87014432701.